

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019 - 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 122 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 маусымда № 3927 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы.

**Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 02.10.2019 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.С. Сейдалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Е. Тоғжанов*

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2019 жылғы "13" 06

№ 122 қаулысына қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019 -2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 02.10.2019 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі
Жоғары білім беру – бакалавриатта даярлау бағыты		
6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология	12
	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	23
	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	4
	6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	22
6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	6
	6B022 Гуманитарлық ғылымдар	8
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6B032 Журналистика және ақпарат	4
6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 В 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	4
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B073 Сәулет және құрылыс	6
6B09 Ветеринария	6B091 Ветеринария	2
6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету ( медицина)	6B101 Денсаулық сақтау	69
6B11 Қызмет көрсету	6B113 Көлік қызметтері	5
Барлығы		165
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім - магистратурада даярлау бағыттары		
7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M022 Гуманитарлық ғылымдар	5
7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	7M052 Қоршаған орта	2
	7M054 Математика және статистика	3
Барлығы		10

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2019 жылғы "13" 06  
№ 122 қаулысына 2 қосымша

**Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

**Ескерту. Қаулы 2 - қосымшамен толықтырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 02.10.2019 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі
Жоғары білім беру – бакалавриатта даярлау бағыты		
	6B011 Педагогика және психология	16
6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	1
	6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	7
	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	8
	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	27
	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді дайындау	47
	6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	8
	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер
6B022 Гуманитарлық ғылымдар		6
6B023 Тілдер және әдебиет		5
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6B032 Журналистика және ақпарат	3
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	6B052 Қоршаған орта	2
6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	7
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс	1
	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	7
	6B073 Сәулет және құрылыс	17
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081 Агрономия	2
	6B082 Мал шаруашылығы	1
	6B083 Орман шаруашылығы	1
6B09 Ветеринария	6B091 Ветеринария	3
6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	2
	6B113 Көлік қызметтері	3
Барлығы		177

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК